

№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасы.

**2022-2023 оқу жылына арналған «Ақ қоян» тобы
логопед-дефектологының жылдық қорытынды есебі.**

Атырау 2023 жыл

2022-2023 оқу жылына арналған «Ақ қоян» тобы

логопед-дефтологының жылдық қорытынды есебі.

2022-2023 оқу жылының Қыркүйек айында «Ақ қоян» психикалық дамуы кешеуілдеген тобында 5 бала яғни олар әртүрлі педагогикалық медициналық диагнозы бар балалар қабылданды. Қараша айында Буданов Ибрахим Пмпк қорытындысы бойынша қосылған болатын және де Желтоқсан айында Арманқызы Даяна тобымызға келіп қосылды. Ақпан, Сәуір айларында Темірбек Мұхаммад пен Айбекұлы Али қосылды.

Әр жыл мезгілінің немесе бала келген уақытта алғашқы 2 аптада зерттеу жұмыстары жүргізіліп, балалардың даму деңгейі анықталады. Жоспарға сай әр балаға зерттеу картасы, жеке дамыту бағдарламасы құрылып толтырылады.

Бағдарламаға сәйкес балаларға жеке түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. Перспективалық жоспар бойынша лексикалық тақырыптарға сай, топтық қарапайым математика, сөйлеуді дамыту оқу қызметтері жүргізілді.

Бастапқы кезде «Ақ қоян» тобының балаларының даму деңгейі тілдері жасына сай емес, кеш дамыған, артикуляциялық аппараттарының қозғалысы жәй артикуляциялық диспраксиясы бар, ұсақ қол моторикасы дамымаған болды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балаларға артикуляциялық жаттығу, тыныс алу жаттығулары, тілдік қимылдық жаттығулары, саусақ жаттығулары жасатылды.

Танымдық қабілетін дамыту барысында әртүрлі ойындар ойнатып, суретпен жұмыс жүргізілді.

Сенсорлық, сенсомоторлық қабілетін, перспективті моторлы қабілетін дамыту барысында әртүрлі жоспар құрылып, жұмыс жүргізілді. Әр аптаның соңында ата-аналармен байланыс жүргізіп оларға кеңес беріліп, әр балаға үй тапсырмасы беріліп отырды.

Желтоқсан айында жоспарға сай «Қош келдің, Жаңа жыл» тақырыбында тәрбиешілермен бірігіп, ертеңгілік өткіздік.

Наурыз айында «Армысың Әз Наурыз» атты мерекелік шара өткізілді. Балалап наурыз көжеден дәм татып, ұлттық ойындар ойнады.

Мамыр айында қалалық семинар өткізілді.Дефектолог Карипова Анаргүл «Менің үйім» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін көрсетті.

Мақсаты Балаға жағымды көңіл күй сыйлау,зейін,қабылдау,ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Жалпы және ұсақ моторикасын дамыту.Сөздік қорын молайту.

Логопед Батырханова Гүлнұр «Тілдік жаттығулар» тақырыбында ұйымдастырылған ашық іс-әрекетін көрсетті.

Мақсаты:Баланы түзету жұмысына ынталандыру,саналы түрде тапсырмаларды орындауға үйрету.Зейін,тыңдау,ойлау қабілетін дамыту.Арнайы тапсырмаларға қарай артикуляцияны дұрыс қалыптастыру.

ПМПК қорытындысы бойынша Бауыржанұлы Мансур,Ізмағамбет Мұхаммед,Лез Ералы,Аман Жантөре,Жұмабек Алихан ЗПР диагнозы алынып,жалпы мектепке яғни МАД тобына ауыстырылды.

Қалған балалар әрі қарай коррекциялық жұмысты қажет етеді.

Келесі оқу жылында бұдан да жақсы көрсеткішке жетеміз деген сеніміміз мол.

Логопед: Батырханова Гүлнұр Арманқызы

Дефектолог: Карипова Анаргүл Исатайқызы



Топтық сабақ.

Дефектолог Каринова.А





